

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛСІНІҢ
№ 7 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

28.04.2023 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы -доцент К.И.Усманов, АК мүшесі, академиялық персонал- аға оқытушы Ж.С.Еркишева, АК мүшесі, академиялық персонал- түлек Маматжанов Шукуржан Нематжанұлы.

Күн тәртібі:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау
3. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.
4. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

АК төрағасы Қ.И.Усманов: Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау, сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

АК мүшесі Еркишева Ж.С.: Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселе бойынша ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау мен ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтауға байланысты Білім беру бағдарламаларын әзірлеумен университет Ректоры бұйрығымен кадрлар даярлау бағыттары бойынша құрылатын Академиялық комитеттер (АК) айналысады, олардың құрамына академиялық персоналдың, жұмыс берушілердің, білім алушылардың өкілдері кіреді.

ББ әзірлеу 4 (төрт) кезеңнен тұрады:

- 1) ББ әзірлеуге дайындық;
- 2) ББ жобалау;
- 3) ББ құрылымдық элементтерін әзірлеу;
- 4) ББ әзірлеу сапасын бағалау

ББ әзірлеуге дайындық кезеңінде университетте әзірленетін ББ тізбесі айқындалады.

Әзірленетін ББ тізбесін айқындау үшін АК жетекшілігімен:

1) нарықтың ағымдағы және болашақ қажеттіліктері анықталады: а) қазір және болашақта қандай мамандар қажет; б) түлектердің жұмысқа орналасу болашағы қандай (тапшылық немесе профицит).

2) кадрлар даярлау нарығына талдау жүргізіледі: а) өңірде/жақын өңірлерде кадрлар даярлау нарығында бәсекелестер бар ма; б) бәсекелестердің күшті/әлсіз жақтары.

3) ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктеріне талдау жүргізіледі: а) қажетті кадрлық ресурстардың болуы; б) қажетті материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстардың болуы.

ББ жобалаудағы келесі қадам - оны жүзеге асыру үшін ресурстарға қажеттілікті анықтау. ББ-ға қойылатын талаптар білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарымен айқындалады. ББ-сын толық жүзеге асыру үшін келесі ресурстардың қандай және қанша қажет екенін анықтау қажет:

1) кадрлық ресурстар. ББ іске асыруды тиісті және ресми құжаттармен расталған білімі бар ғылыми педагог кадрлар қамтамасыз етеді. Ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігіне қойылатын талаптар ББ ерекшелігімен, салалық шеңбермен және кәсіби стандартпен айқындалады.

АК мүшесі Еркишева Ж.С. Үшінші мәселе Математика және статистика бағыты бойынша бойынша ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс арнайы прайс беттер арқылы орталық кітапханаға ұсыныстар беру арқылы дайындалды. Сонымен қатар оқытушылардың кітаптарын баспадан шығару арқылы да толықтырылды.

АК төрағасы К.И.Усманов: Құрметті АК мүшелері ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талданды, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықталды, қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау, сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша жүргізілді.

Жалпы сәуір айында жоспарға сай жұмыстар АК мүшелерімен қарастырылды.

Шешім:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау нәтижелері есепке алынсын.
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау ережеге сай анықталсын.
3. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау жүзеге асырылсын.
4. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшысы:



К.И.Усманов

Ж.С.Еркишева